

## 1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 201

1-бап. 1998 жылға арналған республикалық бюджет, қосымшаға сәйкес, кірістері бойынша - 196503609 мың теңге, алынған ресми трансфертер бойынша - 7455200 мың теңге, шығыстары бойынша - 281334379 мың теңге, таза несие беру жөнінен - 33231936 мың теңге, республикалық бюджет тапшылығының шекті мөлшері - 110607506 мың теңге, яғни жалпы ішкі өнімнің 5,5 проценті болып бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттің шығыстарын ведомстволық құрылым бойынша бюджеттік сыныптауға сәйкес атаулы бөлуді жүзеге асырсын және республикалық бюджеттің тапшылығын ішкі және сырты капитал рыногынан қарыздар алу есебінен, мемлекеттік борыштың негізгі сомасын өтеуді ескере отырып, жабуды қамтамасыз етсін.

2-бап. 1998 жылға арналған республикалық бюджеттің кірістері, арнағы экономикалық аймақтардың қаржылар қорларына (бюджеттеріне) есептелеңтін сомаларды қоспағанда, мынадай көздердің есебінен құралады деп белгіленсін:

жергілікті бюджеттерге есептелеңтін сомаларды қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы мен төлем көзінен ұсталатын, жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;

бағалы қағаздар әмиссиясын тіркеу үшін алым;

қосылған құн салығы;

өндемеген мұнай, бензин акциздері;

бонустар;

роялтилер;

ұстеме пайдаға салынатын салық;

кеден төлемдері;

мемлекетке тиесілі акциялар пакеттері дивидендтерінің түсімдері;

бюджет қаражаты есебінен несиелер берілгені үшін алынған сыйақылар (мұдделер);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттері бойынша алынған сыйақылар (мұдделер);

"Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін алынатын жалгерлік төлем;

жергілікті бюджетке есептелеңтін сомаларды қоспағанда, салыққа жатпайтын басқа да түсімдер;

мемлекеттік меншікті жекешелендіруден алынатын қаражат түсімдері;

мемлекеттік материалдық резервтер тауарларын өткізуден алынатын қаражат түсімдері, сондай-ақ мемлекеттік запастардың астығын сатудан алынатын қаражат түсімдері.

3-бап. Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын еселеп арттыру қорына бұрын төлемдер енгізген жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ жер қойнауын-пайдалану шарттарын жасасқанға дейін - бекітілген /ренталық / төлемдер енгізген - ұйымдар республикалық бюджеттің кірісіне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшер мен шарттарға жоғарыда көрсетілген аударымдар жасайды деп белгіленсін.

Бұрын жер қойнауын пайдаланушылар бекітілген (ренталық) төлемдер төлеп келген кен орындарын пайдалануға немесе иеленуге алған жағдайда, занды және жеке тұлғалар жер қойнауын пайдалану шартын жасасқанға дейін оларды осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген тәртіппен төлеуді жалғастыра береді.

4-бап. Мемлекетке тиесілі акциялар пакетіне дивидендер түсімі 3500000 мың теңге сомасында көзделсін.

5-бап. Қоршаған табиғи ортаны ластағаны үшін алынатын төлемдер, қоршаған ортаны қорғау туралы зандарды бұзғаны үшін салынатын айыппұл санкциялары, тәркіленген аңшылық пен балықшылық құралдарын, заңсыз өндірілген өнімдерді сатудан алынатын қаражат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарына қайшы келмейтін өзге де түсімдер есебінен құралатын Республикалық табиғат қорғау қоры олардың түсімдері көлемінің 30 проценті мөлшерінде республикалық және аймақаралық табиғат қорғау шараларын қаржыландыру мақсаттары үшін республикалық бюджет кірістері құрамына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Республикалық қоршаған ортаны қорғау қорының міндеттерін іске асыру жөніндегі шығыстарды қаржыландыруды олардың нақты түсімдері көлемінің 60 проценті көлемінде - табиғатты қорғау шараларына, 40 проценті табиғат қорғау қызметін атқаратын объектілер салу мен қайта жаңғыртуға - жүзеге асырсын.

6-бап. Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден 45000000 мың теңге сомасындағы қаражат түсімі көзделсін.

7-бап. Республикалық бюджетте 2437000 мың теңге сомасындағы мемлекеттік запастардың астығын сату қаражатының түсімі, 1996 жылғы 437000 мың теңге сомасындағы оларды қайтару жөніндегі борышты қоса, ескерілсін.

8-бап. 1998 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына өткен кезеңдер үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру журналары бойынша төлеушілер берешектерінің түсімі көзделсін.

9-бап. Облыстар мен Алматы қаласының бюджеттеріне 1998 жылы жалпы

мемлекеттік салықтардан түсетін жалпы соманың бөлінуі мынадай мөлшерде белгіленсін:

а) заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша:

Ақмола облысына 62 процент, Ақтөбеге - 58, Атырау мен Маңғыстауға - 10 проценттен, Павлодарға - 40, Алматыға, Шығыс Қазақстанға, Жамбылға, Батыс Қазақстанға, Қарағандыға, Қызылордаға, Қостанайға, Солтүстік Қазақстанға, Оңтүстік Қазақстанға - 100 проценттен, Алматы қаласы - толығымен республикалық бюджетке;

б) төлем көзінен ұсталатын, жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша:

Атырау облысына - 20 процент, Маңғыстауға - 71, Алматы қаласына 58, ал қалған облыстар бойынша - 100 проценттен.

10-бап. Жергілікті бюджеттерге мынадай кірістер түседі деп белгіленсін:

жергілікті салықтар мен алымдар;

республикалық бюджетке аударылатын сомаларды қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы;

республикалық бюджетке аударылатын сомаларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалардан алынатын және төлем көзінен ұсталатын табыс салығы;

республикалық бюджетке аударылатын сомаларды қоспағанда, қосылған құн салығы;

республикалық бюджетке аударылатын сомаларды қоспағандағы акциздер;

орманды пайдалану ақысы;

су ақысы;

коммуналдық менишкегі мүлікті жалға беруден алынатын кіріс;

әкімшілік айыппұлдар мен санкциялардан түсетін түсімдер;  
мемлекеттік баждар;

жер учаскелерін жалға беруді қоса алғанда жерге меншік құқығын және жерді пайдалану құқығын сатудан түсетін түсімдер;

қоршаған табиғи органды ластаганы үшін төленетін төлемдердің және табиғат қорғау зандарын бұзғандығы үшін салынатын айыппұл санкцияларының, тәркіленген аңшылық пен балықшылық құралдарын, заңсыз өндірілген өнімдерді сатудан алынатын қаражаттың 70%-і мөлшерінде

жергілікті табиғат қорғау қорларына түсетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарына қайши келмейтін өзге де түсімдер;

республикалық бюджетке аударылатын сомаларды қоспағанда, салыққа жатпайтын басқа да түсімдер.

11-бап. Облыстардың бюджеттеріне 1998 жылы 40184263 мың теңге сомасында ресми трансфертер бөлінсін, оның ішінде:

Алматы	- 10913917
Шығыс Қазақстан	- 4796816
Жамбыл	- 4321902
Батыс Қазақстан	- 472518
Қызылорда	- 3796247
Солтүстік Қазақстан	- 6363521
Оңтүстік Қазақстан	- 9519342

Қарағанды облысындағы Приозерск қаласының әлеуметтік инфрақұрылымын қолдау үшін 1998 жылы 140000 мың теңге сомасында трансфертер көзделсін.

12-бап. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры жұмыс берушілердің /шетел қатысатын занды тұлғаларды және Қазақстан Республикасы азаматтарына еңбекақы төлеу қоры бөлігінде шетелдік занды тұлғалардың өкілдіктері мен филиалдарын қоса /еңбек ақы қорынан 2 процент мөлшерінде, мемлекеттік бюджеттің есебінен қамтылған ұйымдар, Зейнеткерлер кәсіпорындарының республикалық "Ардагер" бірлестігі, сондай-ақ осы бірлестіктің

меншігі болып табылатын және оның қаражатының есебінен құрылған, онда тек зейнеткерлер ғана жұмыс істейтін өндірістік, оку-өндірістік ұйымдары; Ауғанстан соғысы ардагерлерінің Қазақстан Республикалық ұйымы кәсіпорындарының республикалық бірлестігі (өндірістік ұйымдарсыз), балалардың, Ауғанстан соғысы, мүгедектерінің ерікті қоғамы /өндірістік ұйымдарсыз/, "SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" қайырымдылық қоры, Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы үшін еңбекақы төлеу қорынан 1 процент мөлшерінде міндettі сақтандыру жарналарының есебінен құрылады деп белгіленсін.

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына сақтандыру жарналарын төлеуден Қазақстан Республикасының Мүгедектер ерікті қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Қазақ соқырлар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және солардың қаражатының есебінен құрылған, мүгедектер жұмыс істеушілердің жалпы санының кемінде 50 процентін құрайтын өндірістік, оку-өндірістік ұйымдары, асырауында балалары бар Мүгедек әйелдердің республикалық "Бибі-Ана" қоғамы, мүгедектер мен жүйке-дене дамуы кемшін балаларға қамқоршылық жасайтын, "Ақ бота" лигасы қоғамдық бірлестігі босатылсын.

13-бап. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды тұлғалар (шетел қатысатын заңды тұлғаларды қоса алғанда) және шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктері мен филиалдары үшін Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндettі зейнетақы жарналарының ставкасы еңбекақы қорының 15 проценті мөлшерінде белгіленсін.

Шетел қатысатын заңды тұлғалар және шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктері мен филиалдары үшін бұл жарналардың мөлшері Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбекақы төлеу қоры бойынша айқындалады.

Заңды тұлға күрмай кәсіпкерлік және өзге қызметпен айналысатын жеке тұлғалар Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталыққа міндettі зейнетақы жарналарын өздерінің айлық кірістерінің 5 проценті мөлшерінде ай сайын төлеп тұрады.

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндettі зейнетақы жарналарының ставкасы Қазақстан Республикасының Мүгедектер ерікті қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Қазақ соқырлар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және олардың қаражатының есебінен құрылған, жұмыс істеушілерінің жалпы санының кемінде 50 процентін мүгедектер құрайтын өндірістік, оку-өндірістік ұйымдар, Зейнеткерлер кәсіпорындарының республикалық "Ардагер" бірлестігі, сондай-ақ осы бірлестіктің меншігі болып табылатын және оның қаражатының есебінен құрылған, онда тек зейнеткерлер ғана жұмыс істейтін өндірістік, оку-өндірістік ұйымдар, ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ Республикалық ұйымы кәсіпорындарының республикалық бірлестігі (өндірістік ұйымдарсыз), Ауғанстан соғысы мүгедектерінің ерікті қоғамы /өндірістік ұйымдарсыз/, "SOS -

Қазақстан балалар қалашықтары" балалар қайырымдылық қоры, Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы, асырауында балалары бар Мүгедек әйелдердің республикалық "Бибі-Ана" қоғамы, мүгедектер мен жүйке-дене дамуы кемшін балаларға қамқоршылық жасайтын "Ақ бота" лигасы қоғамдық бірлестігі үшін еңбекақы қорының 3 проценті мөлшерінде белгіленсін.

14-бап. 1998 жылдың 1 қантарынан бастап заңды тұлғалар (шетел қатысуындағы заңды тұлғаларды қоса), шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктері мен филиалдары үшін еңбекақы төлеу қорынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы міндетті медициналық сақтандыру қорына міндетті сақтандыру жарналары 3 процент және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына 1,5 процент мөлшерінде белгіленсін.

Шетел қатысатын заңды тұлғалар және шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктері мен филиалдары үшін осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген міндетті сақтандыру жарналары Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбекақы қорына белгіленеді.

Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік және өзге қызметпен айналысатын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорына әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштің 33 проценті мөлшерінде және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын 16 проценті мөлшерінде ай сайын міндетті сақтандыру

жарналарын төлейді.

Облыстар мен Алматы қаласының бюджеттерінің құрамында халықтың жұмыс істемейтін бөлігіне арнап сақтандыру жарналары ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының облыстық және Алматы қалалық бөлімшелеріне беру үшін қаржы көзделеді деп белгіленсін.

16-бап. Айлық жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшері былайша белгіленсін:

1998 жылғы 1 қаңтардан - 2360 теңге;  
1998 жылғы 1 сәуірден - 2380 теңге;  
1998 жылғы 1 шілдеден - 2400 теңге;  
1998 жылғы 1 қазаннан - 2440 теңге.

17-бап. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес зейнетақыларды,

жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын қолдану, салық және басқа төлемдер үшін айлық есептік көрсеткіш мынадай мөлшерлерде белгіленсін:

1998 жылғы 1 қаңтардан - 630 теңге;

1998 жылғы 1 сәуірден - 640 теңге;

1998 жылғы 1 шілдеден - 650 теңге;

1998 жылғы 1 қазаннан - 660 теңге.

18-бап. 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік тапсырыс негізінде өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттардың ай сайынғы стипендиясының мөлшері ғылыми дәрежесіз кіші ғылыми қызметкерлердің лауазымдық жалақысының деңгейінде белгіленсін.

19-бап. Жоғары оқу орындарында мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитын студенттерге стипендия мынадай мөлшерлерде белгіленсін:

1998 жылғы 1 қаңтардан - 1370 теңге;

1998 жылғы 1 сәуірден - 1380 теңге;

1998 жылғы 1 қыркүйектен - 1420 теңге.

Арнаулы орта оқу орындарының мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитын оқушыларына стипендия мемлекеттік жоғары оқу орындары студенттері стипендиясының мөлшерінің 80 проценті мөлшерінде белгіленсін.

20-бап. 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап балалары бар отбасыларына берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері оны тағайындау мен төлеудің қолданылып жүрген тәртібі сақталып, айлық есептік көрсеткіштен процент есебінен былайша белгіленсін:

балалардың жасына қарай берілетін бірыңғай жәрдемақы;

3 жасқа дейін - 125 процент, 3 жастан 18 жасқа дейін - 130 процент;

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына берілетін жәрдемақы - 130 процент;

адамның иммун тапшылышы вирусын жүқтырған немесе СПИД-пен ауыратын балаларға берілетін жәрдемақы - 130 процент;

7 жасқа толмаған төрт және одан да көп балалары бар, жұмыс істемейтін көп балалы аналарға берілетін жәрдемақы - 100 процент.

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға жәрдемақы төлеу тоқсан сайын

, бірінші тоқсанда - 4520 теңге, екінші тоқсанда - 4590 теңге, үшінші тоқсанда - 4660 теңге және төртінші тоқсанда - 4730 теңге сомасында жүргізілетін ескерілсін.

Бала туғанда айлық есептік көрсеткіштің төрт еселенген мөлшерінде берілетін біржолғы жәрдемақыны төлеу Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүргізіледі.

21-бап. Жерлеуге арналған жәрдемақы төлеу отбасы мүшелеріне немесе жерлеуді үйымдастырушы адамдарға жұмыс істеген азаматтар үшін - Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен айлық есептік көрсеткіштің он бес есе мөлшерінде, зейнеткерлер үшін - Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың қаражаты есебінен айлық есептік көрсеткіштің он бес есе мөлшерінде;

ресми түрде жұмыссыздар деп танылатын адамдар үшін - Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының қаражаты есебінен айлық есептік көрсеткіштің он есе мөлшерінде жүргізіледі деп белгіленсін.

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін жерлеуге арналған жәрдемақы төлеу айлық есептік көрсеткіштің отыз бес мөлшерінде, оның ішінде жұмыс істегендеге - Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен айлық есептік көрсеткіштің он бес есе мөлшерінде және жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен айлық есептік көрсеткіштің жиырма есе мөлшерінде, зейнеткерлерге - зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың қаражаты есебінен айлық есептік көрсеткіштің он бес есе және жергілікті бюджеттердің есебінен айлық есептік көрсеткіштің жиырма есе мөлшерінде жүргізіледі.

22-бап. Бір жолғы ақшалай өтемақы төлеуге арналған шығыстар:

зейнеткерлерге - ядролық сынақтар келтірген залал үшін "Семей" ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 23, 560-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; N 20, 252-құжат; 1997 жылғы 3 шілдеде "Егemen Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы) 12-бабының бірінші бөлігінің бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абақтарына сәйкес және 5, 6, 7, 8 және 9-баптарда көрсетілген аймақтарда тұратындарға 147854 мың теңге сомасында;

"Жаппай саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 242-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егemen Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде

жарияланған "Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы;

1997 жылғы 3 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 2 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Жаппай саяси құғын-сүргін күрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) 22-бабына сәйкес негізсіз құғын-сүргінге ұшыраған және ақталған адамдарға 3683 мың теңге сомасында көзделсін.

23-бап. "Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына сәйкес 1998 жылы жергілікті бюджеттердің шығыстары құрамында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты жәрдемақылар, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды жерлеуге айлық есептік көрсеткіштің он бес есе мөлшерінде жәрдемақылар төлеуге арналған қаражат көзделгені ескерілсін.

24-бап. 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жергілікті бюджеттердің құрамында Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысы қатысушыларының, мүгедектерінің және оларға теңестірілген адамдардың жеңілдіктері мен әлеуметтік қорғауы туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 U952247\_ Заң күші бар Жарлығына / Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 45-құжат; N 14, 98-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат/ сәйкес жыл сайынғы бір жолғы жәрдемақы төлеу, материалдық көмек көрсету және санаторий, курортта емделуге жолдама ақысын төлеу шығындарына қаражат көзделгені ескерілсін.

25-бап. ТМД-ға мүше елдерді қоспағанда, жыл сайын бекітілетін көшіп келу квотасына сәйкес, Қазақстанға шет мемлекеттерден жергілікті ұлт адамдарының қоныс аударуы жөніндегі көлік шығыстарын қаржыландыруға 215000 мың теңге сомасында қаржы көзделсін.

Жергілікті бюджеттер шығыстарының құрамында Қазақстанға көшіп келуші репатрианттарға (оралмандарға) қоныстандыруға, жайластыруға, ақшалай

жәрдемақылар төлеуге байланысты шараларға жыл сайын бекітіліп отыратын квотамен 863200 мың теңге көзделген.

26-бап. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің құрамынан Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне берілген әкімшілік полиция бөлімшелерін, уақытша ұстau орындарын, облыстық, қалалық және аудандық ішкі істер органдарының қамтамасыз ету қызметтері мен техникалық қызметкерлерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитетінің мектеп жасына дейінгі балалар мекемесін ұстau жергілікті бюджеттердің есебінен жүргізіледі деп белгіленсін.

27-бап. Әскери мұлікті жалға беруден немесе сатудан алынған қаражат жалдау қызметін көрсетуге және мұлікті сатуға жұмсалған шығыстар шегеріліп, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қарулы Күштердің қажеттеріне пайдаланылады деп белгіленсін.

28-бап. Ғылыми зерттеулерге 3806690 мың теңге сомасында қаржы бөлу көзделсін.

29-бап. Республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Халықаралық Арады құтқару қорының қызметін қаржыландыруға үлестік қатысуы жөніндегі міндеттемелерін орындауға байланысты шығыстар 574875 мың теңге сомасында көзделсін.

30-бап. Қайтарымсыз негізде:

басымдықты объектілерді қаржыландыруға 2500000 мың теңге сомасында;

Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жою жөніндегі шараларды қаржыландыруға 1150000 мың теңге сомасында;

Қорғаныс өнеркәсібін дамыту және конверсиялау бағдарламасын жүзеге асыруға 600000 мың теңге сомасында;

Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорына 2500000 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

31-бап. Мемлекеттік геологиялық зерттеу мен жер қойнауын қорғауға арналған шығыстарды 900000 мың теңге және жер қойнауын пайдаланушылар өтейтін қайтарымды негізде Үкіметтің арнаулы шешімдері бойынша іздестіру-бағалау жұмыстарын 150000 мың теңге сомасында

қаржыландыру жүзеге асырылсын.

32-бап. Мемлекеттік сақтандыру және жұмылдыру қорларының астығын сақтау жөніндегі шығыстарға 500000 мың теңге мөлшерінде қаражат көзделсін.

33-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қоры 3238000 мың теңге сомасында, оның ішінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыру үшін 1893398 мың теңге сомасында бекітілсін.

34-бап. Мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге арналып жалпы сомасы 26464292 мың теңге қаражат көзделсін.

35-бап. Екінші деңгейдегі банктерге шағын және орта бизнесті дамытуға арнап женілдікті жағдайда несиелендіруге байланысты, олардың шығыстарын өтеуге 409500 мың теңге, соның ішінде ауыл шаруашылық өндірісіне байланысты 200000 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

36-бап. Мынадай қаражат көзделінсін:  
уәкілеттік берілген екінші деңгейдегі банктер арқылы ауыл шаруашылығының тауар өндірушілеріне қайтарымды негізде ұзақ мерзімді женілдікті несие беру үшін 2500000 мың теңге сомасында осы қаражатты екінші деңгейдегі банктерге беру конкурстық негізде жүзеге асырылсын;

село тауар өндірушілерін лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету үшін қайтарымдылық шартымен 1000000 мың теңге сомасында;  
қайта жаңартылатын энергия көздерін дамыту бағдарламасын жүзеге

асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіpte қайтарымды негізде бөлінетін 200 000 мың теңге сомасында.

37-бап. Мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүзеге асыру үшін екінші деңгейдегі банктердің тұрғын үй құрылышына және жеке тұлғалардың тұрғын үй сатып алуына берілетін ипотекалық несиелерін қайта қаржыландыруға 3300000 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

38-бап. 1998 жылдың 31 желтоқсанына Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы нәтижесінде пайда болған мемлекеттік борыштың лимиті 344700000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

39-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен бұрын алғынған сыртқы қарыздарды өтеуге және оларға қызмет көрсетуге 10221305 мың теңге көзделсін.

40-бап. Республикалық бюджетте бұрын бюджеттен берілген несиeler бойынша:

село тауар өндірушілерін ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету жөніндегі лизингтік операцияларды жүзеге асыруға арналған 615000 мың теңге сомасындағы;

Қазақстан Республикасының Медетші банкіне берілген 2100000 мың теңге сомасындағы қаражаттың түсіү көзделсін.

41-бап. 1998 жылды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін берудің лимиті 17020000 мың теңге сомасында белгіленсін.

42-бап. 1998 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде:

мемлекеттік борышқа және мемлекет кепілдік берген борышқа қызмет көрсетуге байланысты шығыстар;

зейнетақыларды төлеуге арналған шығыстар мен трансфертер;

жалақы төлеуге арналған шығыстар;

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Қазақстан Республикасының Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті жарналар төлеуге байланысты шығыстар;

білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау мекемелерінде және әскери мекемелерде азық-түлік сатып алуға, сондай-ақ дәрі-дәрмек сатып алуға арналған шығыстар секвестрлеуге жатпайды.

43-бап. Осы Зан 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

"1998 жылға арналған

республикалық бюджет  
туралы" Қазақстан  
Республикасының 1997  
жылғы 9 желтоқсандағы  
N 201-1 Заңына  
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының 1998 жылға

арналған республикалық бюджетті

Санат

Сынып

Сыныпша	Атауы	Сомасы
Ерекшелік		(мың теңге)

1 2 3 4

5

6

---

1	Кірістер	196503609
1	САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІ	127863115
1	Кірістерге және капитал өсіміне салынатын табыс салығы	33161049
1	Занды тұлғалардан алынатын табыс салығы	26652283
1	Резидент-занды тұлғалардан алынатын табыс	23987322

**салығы**

2	Резидент емес-занды тұлғалардан алынатын табыс салығы	2664961
2	Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы	6508766
1	Жеке тұлғалардан алынатын төлем көзінен ұсталатын табыс салығы	6508766
4	Меншікке салынатын салықтар	600000
2	Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені үшін алымдар	600000
1	Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені үшін алымдар	600000
5	Тауарларға, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге салынатын ішкі салықтар	85012066
1	Қосылған құнға салынатын салық	60900773
1	Ішкі өндіріс тауарларына, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге салынатын қосымша құнға салынатын салықтар	47900773
2	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға салынатын қосылған құн салығы	13000000
2	Акциздер	7917603
19	Бензин	6333603
20	Өндемеген мұнай	1584000
3	Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	16193690
5	Ішкі жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын бонустар	1514000
6	Ішкі жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын роялти	14679690
6	Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	9090000
1	Кеден төлемдері	6290000
1	Импорттық кеден баждары	6290000
2	Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	2800000
1	Кедендік бақылау мен кедендік рәсімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер	2800000

**САЛЫҚҚА ЖАТПАЙТЫН ТҮСІМДЕР** 17680594

1	Кәсіпкерлік қызмет пен меншіктен түсетін кірістер	14982744
2	Занды тұлғалардан және қаржы мекемелерінен түсетін салыққа жатпайтын түсімдер	14890500
1	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің табысынан түсетін түсімдер	400000
3	Мемлекетке тиесілі акциялар пакетіне дивидендтер түсімі	3500000
5	Тәркіленген, иесіз қалған мүлікті, мемлекетке мұрагерлік құқықпен өткен мүлікті, қазыналарды, олжаларды сатудан түсетін түсімдер	57000
6	Республика ішінде берілген қарыздар мен несиeler үшін алынатын сыйақылар (мұдделер)	515000
10	"Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік төлем	9418500
11	Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттері бойынша алынған сыйақылар (мұдделер)	1000000
3	Меншіктен түсетін басқа да кірістер	92244
4	Шет мемлекеттердің Үкіметтеріне мемлекеттік несиeler берілгені үшін алынатын сыйақылар (мұдделер)	92244
2	Әкімшілік алымдар мен төлемдер, коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер	1718900
1	Әкімшілік алымдар	885000
7	Қазақстан Республикасының азаматтарына төлкүжаттар беру үшін төлемдер, үй кітаптарын сатудан түскен түсімдер	600000
10	Басқа да әкімшілік алымдары	285000
3	Басқа да төлемдер және коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер	833900
1	Мемлекеттік мүлікті пайдаланғаны үшін төлем	200000
9	Басқа да төлемдер және коммерциялық емес және жолай сатудан алынатын кірістер	633900
3	Айыппұлдар мен санкциялардан түсетін түсімдер	19500
1	Айыппұлдар мен санкциялардан түсетін түсімдер	19500
3	Стандарттар мен сертификаттау ережелерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдері, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатудан алынған табыстар сомасының түсімі	10500

7	Экономикалық нормативтерді және статистикалық есеп берудің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген мерзімдерін бұзғаны үшін екінші деңгейдегі банктерге қолданылатын санкция сомаларының түсімі	9000
5	Салыққа жатпайтын өзге түсімдер	959450
1	Салыққа жатпайтын өзге түсімдер	959450
3	Қоршаған ортаны қорғау қорына түсімдер	674850
9	Салыққа жатпайтын өзге түсімдер	284600
3	<b>КАПИТАЛМЕН ЖАСАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛАРДАН АЛЫНАТЫН КІРІСТЕР</b>	<b>50959900</b>
1	Негізгі капиталды сату	45000000
1	Негізгі капиталды сату	45000000
4	Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	45000000
2	Мемлекеттік қорлардан тауарлар сату	5959900
1	Мемлекеттік қорлардан тауарлар сату	5959900
1	Мемлекеттік материалдық резервтерден тауарлар сатудан түсетін түсімдер	3522900
2	Мемлекеттік қорлардан астық сатудан түсетін түсімдер	2437000
	<b>II. Алынған ресми трансфертер (гранттар)</b>	<b>7455200</b>
4	<b>АЛЫНҒАН РЕСМИ ТРАНСФЕРТТЕР (ГРАНТТАР)</b>	<b>7455200</b>
1	Басқа деңгейлердегі мемлекеттік басқару органдарынан	6300000
5	Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналары бойынша берешектерді өтеу	6300000
2	Сыртқы көздерден	1155200
1	Сыртқы көздерден	1155200
1	Ағымдағы	500000
2	Күрделі	655200

Ф/тон

**Функция**

Шағын функция	Атауы	Сома
Мекеме		(мың тенге)

1 2 3 4	5	6
---------	---	---

III. Шығыстар	281334379
---------------	-----------

Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер	32387419
--	----------

1	Заң шығарушы орган және басқа функцияларға енгізілмеген өзге де органдар, қаржы және салық-бюджет саясаты, шет мемлекеттерге экономикалық көмек көрсетуді қоспағанда сыртқы экономикалық қызмет	23385944
1	Заң шығарушы орган және басқа функцияларға енгізілмеген өзге де органдар	1431766
	101 Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	372272
	102 Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық Басқармасы	789555
	104 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	238741
	637 Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі	31198
2	Қаржы және фискалдық қызмет	15373936
	217 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	15239250
	311 Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті	65764
	406 Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	27922
	660 Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы	41000
3	Сыртқы экономикалық қызмет	6580242
	204 Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі	3310101
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	244980

217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	2133510
411	Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің атқару комитеті	16896
601	Қазақстан Республикасының "Барлау" қызметі	299880
698	Аралды құтқару халықаралық қоры	574875
3	Іргелі зерттеулер	4084113
206	Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	4084113
4	Жалпы сипаттағы қызмет көрсетулер	4200935
2	Жалпы жоспарлау және статистикалық қызметтер	1439372
604	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі	1439372
3	Жалпы сипаттағы өзге де қызметтер	2761563
603	Қазақстан Республикасы Президентінің архиві	27947
617	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық архиві	21878
621	Қазақстан Республикасының Жоғарғы және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы	20473
646	Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты	20622
680	Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі	938658
694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	923154
696	Қазақстан Республикасының Президенті мен Укіметінің Шаруашылық Басқармасы	808831
5	Басқа санаттарға жатқызылмаған жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер	716427
676	Азық-түлік контракт корпорациясы	500000
690	Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы	216427
2	Қорғаныс	17544752
1	Әскери мұқтаждарға байланысты қызмет	16345542
1	Әскери мұқтаждар	16345542

	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	15711418
	678 Респубикалық ұлан	634124
4	Басқа санаттарға жатқызылмаған қорғаныс саласындағы қызмет	1199210
	308 Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті	1199210
3	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	27875754
1	Ішкі істер органдары	8197677
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	5537816
	624 Ішкі әскерлер бас басқармасы	2659861
2	Соттар және прокуратура	4890436
	221 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	2741530
	501 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты	364190
	502 Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы	1784716
3	Қылмыстық-атқару жүйесі	5066207
	623 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жаңындағы қылмыстық-атқару жүйесінің департаменті	5066207
4	Басқа санаттарға жатқызылмаған қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	9721434
	303 Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитеті	3936607
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	5094497
	601 Қазақстан Республикасының "Барлау" қызметі	615055
	649 Эргономика институты	75275
4	Білім беру	17967461
1	Мектепке дейінгі білім беру	396954
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	41243
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	102550
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі	220107
	696 Қазақстан Республикасының Президенті мен Укіметінің Шаруашылық Басқармасы	30478

69	Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы	2576
2	Бастауыш және орта білім беру	3091436
215	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	190633
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	2900803
4	Арнаулы орта білім беру	958555
201	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	328390
208	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	89281
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	77427
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	463457
5	Кадрларды кәсіби даярлау	199459
1	Кадрларды қайта даярлау жөніндегі оқу орындары мен курстар	199459
204	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі	1364
206	Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	18879
213	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	3318
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	1318
221	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	8752
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	125915
641	Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті	18715
648	Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институты	21198
6	Жоғары білім беру	11468614
201	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	359798

	204 Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі	96358
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	764223
	217 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	72852
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі	8481533
	308 Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет	42183
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	309283
	611 Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі	50000
	640 Қ.Яссайи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті	266245
	644 Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті	993572
	645 Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжau институты	32567
7	Денгейлері бойынша айқындалмайтын білім беру саласындағы қызметтер	1782199
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі	1622199
	299 Басқа үйымдар	160000
8	Білім беру саласындағы қосалқы қызметтер	70244
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	2000
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі	53187
	604 Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі	15057
5	Денсаулық сақтау	10916354
1	Ауруханалар	7785702
1	Кең профильді ауруханалар	6692608
	224 Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі	5909337

697	Қазақстан Республикасының Президенті Ic Басқармасының Медициналық орталығы	783271
3	Медициналық орталықтар мен перзентханалар	21307
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	21307
5	Басқа ішкі топтарға жатқызылмаған аурухана мекемелерінің жұмысы мен қызмет көрсетулері	1071787
201	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	96375
208	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	226248
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	655200
303	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитеті	83232
678	Республикалық ұлан	10732
2	Емханалар және дәрігерлер, тіс дәрігерлері мен орта медициналық қызметкерлердің қызмет көрсетуі	100979
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	69460
410	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	31519
3	Халықтың денсаулығын сақтау	1492041
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	1230936
697	Қазақстан Республикасының Президенті Ic Басқармасының Медициналық орталығы	261105
6	Денсаулық сақтау саласындағы басқа санаттарға жатқызылмаған жұмыс пен қызмет көрсетулер	1537632
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	1537632
	Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру	9190295
1	Әлеуметтік сақтандыру	8840367
2	Зейнетақы бағдарламалары	7863417
201	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	4362170
208	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	2727719

213	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	66228
303	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі комитеті	237600
410	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	469700
6	Әлеуметтік көмектің басқа да түрлері	976950
213	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	151537
215	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	825413
3	Әлеуметтік қамсыздандыру	269439
2	Әлеуметтік қамсыздандыру - интернат үлгісіндегі басқа да мекемелер	30970
213	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	30970
5	Интернат үлгісіндегі мекемелер арқылы көрсетілмейтін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі қызмет көрсетулер	238469
213	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	238469
4	Басқа санаттарға жатқызылмаған әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызметтер	80489
213	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	80489
	Демалысты ұйымдастыру және мәдениет саласындағы қызмет	9855995
1	Бос уақыт пен демалысты ұйымдастыру	1404720
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі	1338544
230	Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	64895
696	Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық Басқармасы	1281
2	Мәдениет саласындағы қызмет	3215892
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі	2933407

	230 Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	282485
3	Теледидар және радиохабарлары, баспа мекемелері мен қызметтері	5107007
	230 Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	751863
	650 "Қазақстан теледидары және радиосы" корпорациясы	3028183
	656 "Мир" мемлекеттік телерадио компаниясы	17110
	686 "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені" мемлекеттік мекемесі	57426
	689 Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Хабар агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	1252425
5	Басқа қосымша топтарға жатқызылмаған мәдениет саласында демалыс ұйымдастыру және олардың қызметі	128376
	230 Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	128376
9	Отын-энергетика кешені	1150000
1	Отын	1150000
1	Көмір және қатты қазба отынның басқа да түрлерін өндіру	1150000
	699 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Медетші банкі	1150000
10	Ауыл, су және орман шаруашылығы, балық аулау, аң аулау және табигат қорғау	7604294
1	Ауыл шаруашылығы	6042141
1	Ауыл шаруашылық жерлері мен су ресурстарын басқару	916899
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	916899
2	Жер реформасы және жерге орналастыру	468450
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	468450
3	Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау	2500000
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	2500000
5	Мал дәрігерлік қызмет көрсету	1164064

	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	1164064
6	Ауылшаруашылығы зиянкестеріне қарсы күрес	778720
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	778720
3	Басқа санаттарға жатқызылмаған ауыл шаруашылығы саласындағы қызмет	214008
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	214008
2	Орман шаруашылығы	1014101
	206 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	2000
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	1012101
3	Балық аулау және аң аулау	65000
	212 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	65000
4	Ауыл шаруашылығы саласындағы зерттеулер және тәжірибелік талдамалар	5000
	206 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	5000
11	Басқа санаттарға жатқызылмаған ауыл шаруашылығы, балық аулау, аң аулау және табиғат қорғау саласындағы қызмет және қызмет көрсетулер	478052
	218 Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі	478052
	Кен өндіру өнеркәсібі және отынды қоспағанда, пайдалы қазбалар, өндеу өнеркәсібі, құрылыш	1090482
1	Кен өндіру өнеркәсібі және отынды қоспағанда, пайдалы қазбалар	120482
	206 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - ғылым академиясы	120482
3	Кұрылыш	70000
	232 Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	70000
4	Басқа санаттарға жатқызылмаған кен өндіру өнеркәсібі және пайдалы қазбалар, ұқсатушы өнеркәсіп және құрылыш саласындағы қызметтер	900000

	мен қызмет көрсетулер	
218	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі	900000
	Көлік және байланыс	304329
2	Су көлігі	120000
2	Су көлігін пайдалану	120000
215	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	120000
7	Байланыс жүйелері	128360
215	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	128360
8	Басқа санаттарға жатқызылмаған көлік және байланыс саласындағы қызмет	55969
215	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	55969
	Экономикалық қызметпен байланысты басқа да қызмет	26158689
3	Көп мақсатты даму жобалары	434070
104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	343980
212	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	90090
4	Еңбек жалпы ұйымдастыруды қоспағанда, жалпы шаруашылық және коммерциялық қызмет	675009
218	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі	535235
232	Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	139774
5	Еңбек жалпы ұйымдастыру	271261
213	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	271261
6	Басқа санаттарға жатқызылмаған экономикалық қызметке байланысты басқа да қызмет көрсетулер	24778349
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	140000
221	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	376740
224	Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	113109

	299 Басқа ұйымдар	24148500
14	Негізгі топтарға жатқызылмаған шығыстар	119288555
1	Мемлекеттік міндеттемелермен жүргізілетін операциялар	26464292
1	Сыйақылар (мұдделер) төлеу	26148852
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	26148852
2	Мемлекеттік заемдарды орналастыруға және оларды қайта қаржыландыруға байланысты шығыстар	315440
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	315440
3	Әртүрлі деңгейлердегі мемлекеттік органдар арасындағы жалпы сипаттағы трансфертер	92824263
	105 Әкімдер аппараты	40184263
119	Қарағанды облысының әкімі	140000
213	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	52500000

Ф/тон

Функция		
Шағын функция	Атауы	Сома
Мекеме		(мың теңге)

---

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

---

	IV. Несиелендіру мен шегерілген өтеу	33231936
	Несиелендіру	36906822
14 2	Несиелендіру	36906822
1	Ішкі көздерден ішкі несиелендіру	19982687
115	Шығыс Қазақстан облысының әкімі	956592
215	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	745290
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	10221305
218	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі	150000
299	Басқа да ұйымдар	7000000
667	Екінші деңгейдегі банк	409500

699	Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі	500000
2	Сыртқы көздерден ішкі несиелендіру	16842735
104	Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің Кеңесі	171990
115	Шығыс Қазақстан облысының әкімі	7338731
212	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	2078540
215	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	6494015
232	Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	759459
3	Сыртқы несиелендіру	81400
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	81400
	Өтеу	- 3674886
5	ҰЙЫМДАРДЫҢ ЗАЕМДАРЫ МЕН ҚАРЫЗДАРЫН ӨТЕУ	- 3674886
1	Ішкі несиелендіруді өтеу	- 3253935
2	Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, ұйымдардың өтеуі	- 892629
2	Орталықтандырылған директивтік несие жөніндегі мерзімі өткен берешекті және сыйақыларды (мұдделерді) қайтару	- 135000
3	Ішкі респубикалық есептеме бойынша несие жөніндегі мерзімі өткен берешекті қайтару	- 97500
4	Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қолдау қорына берілген орталықтандырылған директивтік несиeler жөніндегі мерзімі өткен берешекті қайтару	- 43000
5	Қаржылық емес мемлекеттік кәсіпорындардың өтеуі	- 2129
6	Лизинг операцияларын жүргізуге берілген несиeler бойынша қаражатты қайтару	- 615000
4	Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өтеуі	- 2297306
1	Банктер мен банк операцияларының жекелеген	- 2297306

- түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өтеуі
- 5 Ишкі несиелендіруді өтеудің өзге де түрлері - 64000
- 1 Тікелей қаржыландыру бойынша қаражаттарды  
- 61500
- қайтару
- 2 Жеке айналымдағы қаражаттың жетіспеушілігі - 2500  
есебінен несие бойынша қаражаттарды қайтару
- 2 Сыртқы қарыздар бойынша борыштарды өтеу - 420951  
мақсатымен жүргізілген ішкі несиелендіруді  
өтеу
- 2 Ұйымдардың өтеуі - 420951
- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің - 420951  
мемлекеттік кепілдіктері бар заемдар  
бойынша өтеу

V. Бюджет тапшылығы - 110607506

VI. Қаржыландыру - 110607506